



Тақырыбы: **«Педагогикалық әдеп және педагогикалық мәдениет»**
(педагогикалық әдеп кеңесі)

Өткізген: педагог-психолог
Калжанова А.

Дөңгелек үстел

Тақырыбы: «Педагогикалық әдеп және педагогикалық мәдениет»

Мақсаты: Педагогтердің кәсіби әдеп қағидаларын сақтау мәдениетін қалыптастыру, педагогикалық қарым-қатынас сапасын арттыру, ұжымдағы сыйластық пен өзара қолдау ортасын нығайту.

Өткізу түрі: Дөңгелек үстел

Қатысушылар: Балабақша педагогтері

Күн тәртібі

1. Кіріспе сөз

Педагогикалық әдеп ұғымы.

Педагогтің кәсіби мәдениеті – сапалы білім мен тәрбиенің негізі.

2. Негізгі мәселелер

Педагогикалық әдептің негізгі қағидалары.

Педагогтің ата-анамен, балалармен және әріптестермен қарым-қатынас мәдениеті.

Педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті және қызметтік этикасы.

Педагогтің әлеуметтік желідегі этикалық жауапкершілігі.

3. Талқылау сұрақтары

Әдепті педагог қандай болуы керек?

Қызмет барысында кездесетін этикалық қиындықтарды қалай шешеміз?

Ұжымда жағымды психологиялық ахуалды қалыптастырудың жолдары.

Ата-аналармен тиімді қарым-қатынасты нығайту тәсілдері.

4. Практикалық бөлім Қатысушыларға педагогикалық жағдаяттар ұсынылып, оларды әдеп нормаларына сәйкес шешу жолдары талқыланады.

Қорытынды

Дөңгелек үстел барысында педагогикалық әдеп пен педагогикалық мәдениетті сақтаудың маңыздылығы атап өтілді. Педагогтердің кәсіби қызметінде әдеп нормаларын ұстану, балаларға, ата-аналарға және әріптестерге құрметпен қарау – сапалы білім беру мен тәрбиенің маңызды шарты екені айтылды.

Шешімі

Педагогтер педагогикалық әдеп қағидаларын күнделікті қызметінде қатаң басшылыққа алсын.

Ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста педагогикалық мәдениет талаптары сақталсын.

Ұжымда өзара сыйластық, қолдау және ынтымақтастық мәдениеті нығайтылсын.

Әр педагог кәсіби мәдениеті мен сөйлеу әдебін үнемі жетілдіріп отырсын.

Осы бағыттағы жұмыстар жыл бойы тұрақты жүргізілсін.